Өнермен өрілген өмір, өнегемен өркендеген отбасы

Өңірдің қос қанаты Тобыл мен Нұржамал Болатовтар жайлы

Меңдіқара сахнасын ерлі-зайыпты Тобыл мен Нұржамал Болатовтарсыз елестету қиын. Қырық бес жыл тағдырларын өнермен сабақтастырып, өмірдің қуанышы мен қиындығын бірге еңсеріп келе жатқан бұл отбасы ұмырларын осы сахна төрінде, елге қызмет етіп, қол ұстаса бірге өткізіп келеді.



Облыс әкімінің қолынан алған марапат

Сондықтан киелі сахна төрі тұтас ұмырының айнасы. Жақында Қостанай облысының 90 жылдығына арналған дәстүрлі «Өнеріміз саған, Қазақстан!» облыстық көркемөнерпаздар мен халық шығармашылығы фестивалінің қорытынды гала-концерті Қостанай қаласында өтті. Салтанатты іс-шарада мәдениет саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Тобыл Болатовқа аудан өнерінің өркендеуіне қосқан елеулі еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі табысталды.

нан бастап осы ауданның сахнасында өлең айтып келемін. Ол кезде бұрынғы ескі Мәдениет үйі орталықта, қазіргі кітапхананың жанында болатын. Содан бері сахна мен үшін екінші үйіме айналды. Біздің ауылдың балалары өнерге өте әуес болып өсті. Гитара мен домбыраны серік етіп, жастық шағымызда бәріміз қосылып, өлең айтып жүретінбіз», – деп еске алады Тобыл Бәтіұлы.

Алайда жас жігіттің өнерге деген талпынысы қалада ол өмірлік серігін жолықтырды.

ӨНЕР ТАБЫСТЫРҒАН ЕКІ ЖҮРЕК

Атырау өңірінің тумасы Нұржамал апай да сол жылдары Алматыдағы вокалды-хор студиясында білім алып жүрген еді. Бір топта бірге оқыған жастардың өнерге деген ортақ қызығушылығы уақыт өте келе үлкен сезімге ұласты. 1979 жылы Алматыда танысқан Тобыл мен Нұржамал бір-бірін түсініп, байытуға күш салды. Қай салада еңбек етсе де өнерден бір сәт те қол үзген жоқ. Кейін Михайлов ауылдық мәдениет үйінің директоры қызметіне тағайындалып, ауылдың мәдени өміріне жаңа серпін әкелуге атсалысты. Зейнеткерлік жасқа жетсе де, сүйікті кәсібін тастамады. Өнерге деген адалдығы оны әлі күнге дейін ауыл сахнасынан алыстатқан жоқ.

АУЫЛДЫҢ МЕРЕЙІН ӨСІРГЕН

Тобыл Болатовтың көп жылғы еңбегінің негізгі бағыты – көркемөнерпаздар шығармашылығын дамыту. Оның бастамасымен Михайлов ауылдық мәдениет үйінде бірнеше шығармашылық ұжым құрып, бүгінде ауылдың ғана емес, ауданның мәдени өміріне өзіндік үлес қосып келеді. Солардың қатарында Болатовтар отбасылық ансамблі, «Ағайынды» вокалды дуэті, «Селяночка» және «Апалар» әйелдер вокалдық топтары бар. Олар аудандық шараларымен шектелмей, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі байқаулар мен фестивальдерге қатысып, талай мәрте жеңімпаз, лауреат және дипломант атанды.

ӨНЕР – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

ниетін меңгереді, ұжыммен жұмыс істеуге дағдыланады, жауапкершілікті сезінеді. Әр баланың бойындағы талантты байқап, оны дамытуға тырысады. Оның ұйымдастыруымен мәдениет үйінде ауыл тұрғындарына арналған түрлі мәдени-көпшілік шаралар, концерттік бағдарламалар, дискотекалар, кино көрсетілімдері және басқа да басқосулар тұрақты өткізіліп келеді.

Олардың шаңырағында өнер ешқашан тек сахна үшін болған емес. Бүгінде төрт ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген отбасы 16 немеренің қызығын көріп отыр. Нұржамал Өтешқызы қазіргі таңда зейнеттік еңбек демалысында. Ол ұзақ жылдар бойы жолдасының шығармашылық жолындағы сенімді серігі болып, отбасындағы береке мен тәрбиенің ұйытқысы болды.

«Жолдасым екеуміз бір-біріміздің жанымыздан табылып, қолдау білдіріп, бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыздың арқасында босы мерейлі күнге жетіп отырмыз. Әйел адамның мойнына жүктелетін міндет өте ауыр ғой. Сондықтан жастарға айтар ақылым – жанындағы ер азаматқа құрмет көрсетіп, сыйластықты сақтай білсең, өзіңе деген құрметті де арттырасың. Сонда шаңырағың қуаныш пен бақытқа толады», – дейді дира – бес баланы тәрбиелеп отырған аяулы ана. Екінші қызы Роза медицина саласында қызмет етеді. Ардақ пен Ақмарал да өз салаларында еңбек етіп келеді. Ал отбасының кенже балалары Азат пен Адай ата-анасының өнер жолын жалғады. Азат Тобылұлы аудан орталығындағы «Юбилейный» мәдениет үйінде өнер көрсетіп, аудан намысын халықаралық және республикалық деңгейдегі байқауларда қорғап жүр. Ал Адай Алматы қаласында вокалдан сабақ береді. Ол кино және өнер саласында да өз бағын сынап жүрген шығармашылық жастың бірі. Ағайынды Азат пен Адай республикалық телевизиялық «X-Factor» жобасына қатысып, өз өнерлерін көпшілікке танытты. Осылайша, бір кездері Алматыдағы оқу орнында танысып, өнер жолында шаңырақ

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН АБЫРОЙ

Тобыл Бәтеңұлының еңбек жолы оңай емес. Оның мәдениет саласындағы ұзақ жылғы еңбегі түрлі деңгейдегі марапаттармен бағаланды. Тобыл Болатов пен оның жетекшілігіндегі шығармашылық ұжымдар Қостанай облысы және Меңдіқара ауданы әкімдерінің, облыстық мәдениет басқармасы мен аудандық мәде-

САХНАҒА БАЛА КЕЗДЕН ҒАШЫҚ БОЛДЫ

Бір-бірін өнер жолында жолықтырған қос жүрек бүгінде төрт ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіріп, немерелерінің ардақты ата-әжесі. Олар өздерінің отбасылық өнегесімен ғана емес, туған өлкенің мәдени өміріне сіңірген еңбегімен де көпшілікке үлгі. Тобыл Болатовтың бар саналы ғұмыры өнермен, туған жермен, елдің рухани тіршілігімен біте қайнасып келеді. Ол ауыл мәдениетін дамытуға, халық шығармашылығын насихаттауға, жас таланттарға жол ашуға және мәдениет ошағының тынысын кеңейтуге саналы ғұмырын арнады. Әлі де осы жолдан тайған емес.

Төлеңгіт ауылында дүниеге келген Тобыл ағаның балалық шағы туған ауылында өтті. Өнерге деген алғашқы қызығушылығы да осы жерде оянды. Ауыл балаларының басын қосып, домбыра мен гитараны серік етіп, ән салу сол кездегі жастықтың ажырамас бір бөлігі еді.

«Бала кезден, 16 жасымнан ауыл сахнасымен ғана шектелмеді. Ол мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ кәсіби өнерді армандады. Сол кездегі танымал «Алло, мы ищем таланты!» атты жас таланттар байқауына қатысып, бағын сынады. Бұл байқау оның өміріндегі үлкен бетбұрыстардың біріне айналды. Алғашқы кезеңнен сүрінбей өтіп, республикалық деңгейдегі тыңдауға жолдама алған Тобыл Алматыға аттанады. Үлкен қаладағы сынақтан да сәтті өтіп, вокалды-хор студиясына оқуға қабылданады. 1981 жылы Алматы қаласындағы вокалды-хор студиясын «хор әртісі» біліктілігі бойынша тәмамдайды. Студияда білім ала жүріп, 1979-1981 жылдары Абай атындағы академиялық опера және балет театрында хор әртісі болып еңбек етті. Осылайша шығармашылық қабілетін шыңдап, музыкалық сауатын арттырды. Үлкен театрдың сахнасында жүріп ол өнердің талай қырын меңгерді. Дәл осы қолдап, өнер жолында бірге жүріп, шаңырақ көтерді. Өнерден басталған таныстық уақыт өте келе берік отбасылық одаққа айналды. Сахнада қатар ән салған қос өнерпаз өмірде де бір-бірине сүйеу болып, қуанышын да, қиыншылығын да бірге бөлісті.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛҒАН ӨНЕРПАЗ

Әскери борышын өтеген соң Тобыл Бәтіұлы туған жеріне оралды. 1981-1982 жылдары Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын атқарған ол елге келгеннен кейін еңбек жолын Меңдіқара өңірінде жалғастырды. Алғашында Төлеңгіт ауылдық клубының меңгерушісі болып қызмет атқарып, ауыл тұрғындарының мәдени тынығуын ұйымдастыруға белсене араласты. Бұл кезеңде ол ауылдағы мәдени іс-шаралардың басы-қасында жүрді. Концерттер, мерекелік бағдарламалар, көркемөнерпаздар қойылымдары мен түрлі мәдени шаралардың мазмұнын



Өнерде де, өмірде де қол ұстасып

Тобыл Болатовтың шығармашылық қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – жас таланттарды қолдау. Михайлов ауылдық мәдениет үйінде балалармен де жұмыс істейді. Балалар сахна мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына бірнеше мәрте ие болды. Ал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» медалінің табысталуы осы саладағы көп жылғы еңбегінің биік бағасы.

Бүгінде Меңдіқараның мәдени өмірінде өзіндік орны бар Болатовтар отбасы талай жылдық шығармашылық жолынан сүрінбей өтіп келеді. Бір кезде Алматыдағы үлкен сахнаға арман қуып барған екі жас бүгінде туған жерінің қарапайым ауыл сахнасында ел алдында өнер көрсетіп жүр. Олардың өміріндегі ең үлкен сахна – отбасы. Ал ең басты көрермені – балалары, немерелері, ауылдастары. Өнерді кәсіп емес, өмірлік мұрат еткен Тобыл Болатовтың ғұмыры туған жерге қызмет етудің, ұлттық мәдениетті дәріптеудің, сүйікті ісіне адал болудың үлгісін көрсетеді.

Айтолқын ӘБДІЛДА
Суреттер кейіпкер архивінен алынды